

Абай облысы Абай ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Абай облысы Абай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 217 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 394-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3-бабы 7- тармағына және 6-бабы 2-тармағына сәйкес, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысы Абай ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Абай облысы Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) Абай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Т.Жанғалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

М. Смагулов

Келісілді:

"Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р. Ж. Беркутбаев

Абай ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 217 қаулысына
қосымша

9	KU AB-9	Қасқабұлақ ауылына кіреберіс, 0 - 1 километр	1,0				1,0	
10	KU AB-10	Құндызды ауылына кіреберіс, 0 - 1 километр	1,0				1,0	
11	KU AB-11	Қарауыл төбе кіреберіс, 0-0,7 километр	0,7				0,7	
12	KU AB-12	Саржал ауылына кіреберіс, 0-0,3 километр	0,3				0,3	
13	KU AB-13	Еңлік-Кебек ескерткішіне кіреберіс, 0-0,1 километр	0,1				0,1	
		ЖИЫНЫ	85				85	